



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№9 (1967) 20 НАУРЫЗ 2025 ЖЫЛ



Ұлттық құрылтай қатысушыларына ауызашар берілді

Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт Тоқаевтың
атынан Ұлттық құрылтай
қатысушыларына ауызашар
берілді.

Президент жиналған қауымды
Өз Наурыздың бастауы – Көрісу күнімен құттықтап, қасиетті Рамазан айында тұтқан оразалары қабыл болуына тілектестік білдірді. Сондай-ақ Көкше жерінде өткен Ұлттық құрылтайдың кезекті отырысында көптеген салмақты ұсыныс айтылып, қоғамды толғандырып жүрген маңызды мәселелер көтерілгенін атап өтті.

– Елдік істе күш біріктіру – біртұтас ұлтқа тән қасиет. Сіздер әрдайым азаматтық жауапкершіліктің озық үлгісін көрсетіп жүрсіздер. Баршаңызға зор ризашылығымды білдіремін. Рамазан айы – «Айлардың сұлтаны». Осы кезде азаматтарымыз игі амалдар жасауға тырысады. Мұқтаж жандарға көмектеседі. Иман келтіріп, рухани жағынан тазарады. Түптеп келгенде, мұның бәрі жұртымыздың ынтымағын арттырады. Берекелі бірлігімізді бекемдей түседі, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы озық ойлы ұлт ретінде тек алға қадам басуға шақырды.

– Тату елде тұрақтылық пен тыныштық болады. Бірлігі мықты ел өркендейді. Қасиетті Рамазан айы еліміз үшін жақсылыққа толы, шарапаты мол ай болсын. Оразада ниет еткен дұға-тілектеріңіз қабыл болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! – деді Президент.

Ректор терминдерді біріздендіру жөнінде ұсыныс айтты

Бурабайда Ұлттық құрылтайдың «Білім және ғылым» атты үшінші секциясы өтті.

Қатысушылар білім беру саласындағы реформаларды жетілдіру, ЖОО-лардағы кадр тапшылығы мәселесін жою, өңірлік ғылым орталықтарын дамыту және Ғылым академиясының жұмысын жандандыру жайын талқылады.

Отырыс барысында Өз-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев қазақ тілін заманауи ғылым тіліне айналдырып, терминдерді біріздендіру жөнінде ұсынысын ортаға салды.



Ел бірлігі мен ынтымағының жарқын символы

Құрметті Өз-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің
оқытушы-профессорлары,
қызметкерлері мен
білім алушы жастары!

Сіздерді Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайда: «Еліміздің төл мерекесі биыл да қасиетті Рамазан айына орайлас келіп отыр. Ұлттық бірегейлігімізді нығайту жолында төл мәдениетіміздегі Өз Наурыз мейрамының орны бөлек. Наурыз мерекесі туралы жаңа тұжырымдама әзірленді. Еліміз Ұлыстың ұлы күнін 14 наурыздан, яғни Амал күнінен бастап, он күн бойы атап өтетін болды. Әр күнге нақты атау берілді. Жұртшылық бұл бастаманы жақсы қабылдады. Қастерлі мейрамдарымыз халқымызды игі амалдар жасауға үндейді, асыл қасиеттерімізді кеңінен дәріптейді», – деп атап өтті.

Осы игі бастама арқылы Наурыздың мәртебесі артып, мазмұны байып, мән-мағынасы тереңдей түсті.

Өз-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде дәстүрлі «Наурызанама» онкүндігі аясында ұлттық құндылықтарымыз бен салт-дәстүріміз кеңінен насихатталып, танымдық мәдени іс-шаралар іске асырылды.

Сан ғасырлық терең тарихы бар Наурыз мейрамы бүгінде ел бірлігі мен ынтымағының, тұрақтылық пен келісімнің жарқын символына айналды.

Жыл басы – жаңалық пен жақсылықтың жаршысы болып, халқымызды абыройлы биікке көтеріп, елімізді жаңа белестерге бастай берсін.

Ұлыстың ұлы күнінде сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс тілеймін!

Өз Наурыз әр шаңыраққа құт-береке, ырыс пен молшылық әкелсін!

Құрметпен,
Өз-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Басқарма Төрағасы – Ректор
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

2-бет

ЖИ жаңа дағдыларды дамытуды талап етеді



4-бет

Құрылтай – ашық диалог алаңы



5-бет

Зертхана ғылыми-зерттеу инфрақұрылымын жетілдіреді



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен құрылған Ұлттық құрылтай бүгінде ұлтты ұйыстырып, қоғам бірлігін дамытатын маңызды алаңға айналды. Бұған дейін Ұлытау, Түркістан, Атырауда ұйымдастырылған Ұлттық құрылтай биыл Көкшетау жерінде, Бурабай тегісінде табысты өтті.

Дәстүрлі жиынға төрағалық жасаған Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында сөйлеген сөзінде: «Мен жаппай цифрландыру мен жасанды интеллектті барлық салаға кеңінен енгізу мәселесіне үнемі назар аударамын. Қазір қай елдің жаңа технологияларды өз пайдасына жарата алатыны, қай елдің көш соңында қалатыны анықталып жатқан шешуші кезеңге қадам бастық», – деп атап өтті. Сондай-ақ Мемлекет басшысы «Цифрландыру және жасанды интеллект мәселелерімен жеке өзім айналысып жатырмын» дей келе, бұл мәселе тікелей бақылауында екенін жеткізді.

Келелі кеңес аясында Ұлттық құрылтай мүшесі және еліміздің ғылыми қауымдастығының өкілі ретінде «Білім және ғылым» секциясының жұмысына қатыстым. Онда сарапшылар білім мен ғылым саласындағы реформаларды жетілдіру, ЖОО-лардағы кадр тапшылығын жою, өңірлік ғылым орталықтарын дамыту, ғылым мен өндірістің байланысын арттыру, жасанды интеллект технологияларын енгізу мәселелерін талқылады. Осы орайда, қазақ тілін заманауи ғылым тіліне айналдырып, ЖИ технологияларын жетілдіруде ұлттық бірегейлікті сақтау, ақпараттық жүйелерде мемлекеттік тілдің үлесін көбейту туралы ұсыныспікірімді ортаға салсам деймін.

Қазіргі цифрландыру дәуірінде Қазақстан ұлттық мәдениет пен бірегейлікті сақтауда, әсіресе ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы кезінде күрделі мәселелермен бетпе-бет келіп отыр. Өйткені ағылшынтілді және батыстық мазмұнға бағытталған жаһандық цифрлық платформалар ұлттық мәдениеттің маргиналануына әсер етуде.

Сарапшылардың пікірінше, қазақ тіліндегі ресурстар бүкіл интернеттің 0,1 пайызынан азын алып жатыр. Қазақтілді интернет кеңістігінің 10 жылдағы деректері бойынша сайттардың тек 5,6 пайызында қазақ тіліндегі контент болса, 12 пайызы ақпаратты ағылшын тілінде жариялайтынын көрсетеді. Өзге тілдегі ақпараттардың интернетке ену деңгейі 90 пайыздан асатындықтан, бұл теңгерімсіздік миллиондаған пайдаланушылар үшін ана тілінде ақпараттың қолжетімділігін айтарлықтай шектейді. Қазіргі заманғы жасанды интеллект технологиялары, соның ішінде GPT, LLAMA, Deepseek және Gemini қазақ тілін толық өңдеуге бейімделмеген, бұл олардың ғылымда, бизнес-те және білім беруде тиімді қолданылуына кедергі келтіреді. Бұл жағдай цифрлық теңсіз-

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры

ЖИ жаңа дағдыларды дамытуды талап етеді

дікті күшейтіп, жастардың ұлттық дәстүр мен құндылықтарға қызығушылығын төмендетеді. Осы үрдіс алдағы уақытта мәдени мұрамыздың құнсыздануына және ұлттық бірегейліктің әлсіреуіне әкелуі мүмкін. Сондықтан алдымен бірқатар маңызды проблемалық мәселелерді шешу қажет.

Бірінші. Қазақ тілі мен дәстүрлі мәдени құндылықтардың цифрлық кеңістікте мардымсыз деңгейде ұсынылуы. ҚазҰУ ғалымдарының зерттеу нәтижелері бойынша, интернеттегі қазақ тіліндегі контент аз және қазақ тілін өңдеу мен талдау үшін заманауи ақпараттық технологиялар жеткіліксіз. Осының салдарынан ағылшынтілді және батыстық мазмұндағы жаһандық цифрлық платформалардың үстемдігі белең алуда. Сонымен қатар шетелдік контенттің агрессивті кеңеюіне байланысты жастардың мәдени дәстүрлерге қызығушылығы төмендеуде. Бұл жағдай цифрлық мәдениет саласында мемлекеттік қолдауды және стратегиялық реттеуді қажет етеді. Осы мақсатта цифрлық кеңістікте қазақ тілі мен ұлттық мәдени мұраны ілгерілету бойынша жаңа бастамалар енгізілуі керек.

Екінші. Қазақ тілін өңдеу және талдау үшін ЖИ технологияларының аздығы білім, ғылым және бизнестің тиімділігін төмендетеді. Жасанды интеллект ауыл шаруашылығы мен медицинадан бастап, менеджмент пен білім, ғылым салаларына енгізілуде. Қазірдің өзінде Төртінші өнеркәсіптік революция және оның жаһандық еңбек нарығына әсері туралы көп айтылуда: IBM мәліметтері бойынша, алдағы үш жылда әлемде жұмысшылардың 40 пайызы ЖИ салдарынан мамандықтарын ауыстыруға мәжбүр болады. Басты артықшылық технологиямен толығымен алмастырылған адамдар емес, смарт жүйелермен үйлесімді жұмыс істей алатын білікті мамандарға беріледі.

Жасанды интеллект бізге күнделікті тапсырмалардан арылуға мүмкіндік беретін орасан зор мүмкіндіктер ашады. Бірақ оқу бағдарламаларын байыпты қайта қарауды және жаңа дағдыларды дамытуды талап етеді. Қазақстанда қазірдің өзінде ЖИ науқас түрлерін диагностикалау, мұнай өндіруді басқару және қоршаған ортаның ластануын болжау үшін қолданылады. Бірқатар университеттерде: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ және т.б. жоғары оқу орындарында ЖИ бойынша білім беру бағдарламалары құрылды. Алайда республикада интеллект технологияларының қарқынды дамымауы қазақ тілінің жеткіліксіз бейімделуіне байланысты болып отыр. Бұл олардың білім, ғылым және бизнестегі тиімділігін әлсіретеді. Сонымен қатар орыс және ағылшын тілдеріндегі мазмұн басым болатын «цифрлық алшақтықты» тудырады.



Студенттер Chat GPT сияқты құралдарды белсенді пайдаланады. Бұл, бір жағынан, оқытуға және білімді тексеруге қолайлы болғанымен, жастардың өз бетінше ізденуіне кері әсерін тигізуде.

Үшінші. Сандық платформалардың ағылшынтілді және батыстық мазмұнға бет бұруы ұлттық мәдениет пен ана тіліміздің аясын тарылтады. ЮНЕСКО деректері бойынша, бүгінгі күні интернет мазмұнының 50 пайыздан астамы ағылшын тілінде. Нәтижесінде дамушы елдердің жергілікті тілдері мен мәдени материалдары ақпараттық кеңістіктің 2-5 пайызынан аспайды. Қазақстанда онлайн-платформалар мен әлеуметтік желілердің айтарлықтай бөлігі ұлттық контентті насихаттауға арналмаған. Бұл бірте-бірте жастардың қазақ мәдениетіне, салт-дәстүріне, тіліне деген қызығушылықтың жоғалуына әкеп соғады.

Бірқатар әлеуметтік зерттеулердің нәтижесі бойынша, еліміздің рухани кеңістігінде музыка, кино, әдебиет, өнер салаларында батыстық үлгілер басым. Жергілікті контентті дамытуға кедергі келтіретін ірі онлайн платформалар мен іздеу жүйелерінде қазақ тілінің болмауы, жасанды интеллект пен ұсыныс алгоритмдерінің ұлттық мәдени ерекшеліктерге бейімделуінің шектелуі жергілікті авторлар мен жобалардың танылуына кері әсер етеді.

Мәдениет және БАҚ саласындағы сарапшылар халықтың 60 пайызға жуығы интернеттегі ағылшын тілінің үстемдігі ұрпақтар арасындағы мәдени алшақтықты ұлғайтып, ұлттық бірегейліктің сақталуына қауіп төндіреді деп есептейді.

Төртінші. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтауда күрделі міндеттер бар. Цифрлық сервистердің, мобильді қосымшалардың және жаһандық платформалардың қоғамның күнделікті өміріне жылдам енуі ақпаратқа қолжетімділікті кеңейтіп қана қоймай, мінезқұлық пен құндылықтар жүйесінің жаңа үлгілерін қалыптастырды. Сарапшылардың пікірінше, ұлттық бірегейлікке

IT-алыптардың стандартты ұсыныстар жүйесі көбінесе шектеулі қазақтілді сегментті ығыстырып тастайды.

Сонымен қатар ЖИ деректер базасында қазақ тіліндегі толыққанды, сапалы мазмұнның болмауы салдарынан ұлттық дәстүрлер мен құндылықтар жастар арасында кеңінен насихатталмайды. Ақпараттық қауіпсіздік пен деректерді қорғау тетіктерінің жоқтығы, жаһандық корпорациялардан Қазақстанның мәдени ерекшеліктерін ескеруді талап ететін нақты нормативтік құжаттар мен стратегиялардың болмауы жаппай батыстық мазмұнның жүйесіз таралуына алып келеді. Салдарынан қазақстандық жастардың 70 пайызға жуығы ағылшын тіліндегі ресурстарды «әмбебап» және маңыздырақ деп санайды.

Осы қиындықтарға қарсы тұру үшін үкімет пен қоғамдық институттар реттеуші стандарттарды енгізуге ұмтылуда. Қазақстандық ЖИ технологияларын дамыту, жергілікті мамандарды даярлау, қазақ тілінде ұлттық деректер жинағын құру жаһандық ақпараттандыру дәуірінде «цифрлық тәуелсіздікті» қамтамасыз етуге бағытталған.

Қазір сапалы қазақтілді ресурстар аз, ұлттық мәдени дәстүрлерді цифрлық қолдау әлсіз, сондықтан жастар шетелдік платформаларды тұтынады. Осы сын-қатерлерге қарсы тұру үшін орталықтан-дырылған мемлекеттік шаралар қажет: ЖИ-дің жергілікті шешімдерін әзірлеу, ұлттық деректер жинақтарын құру және қазақтілді контентті қолдау. Жаһандық цифрлық кеңістікте қазақ тілін аударуды автоматтандыру үшін машиналық аударма және сөзді тану жүйелерін әзірлеу. Қазақ тілін дауыстық көмекшілерге, чат-боттарға және білім беру платформаларына біріктіру, оның қолжетімділігін арттыру және күнделікті қолдануда танымал ету.

Цифрлық ортада мәдени қатысуды нығайтуға көмектесетін жергілікті мазмұн мен ұлттық құндылықтарды насихаттайтын мамандандырылған ұсыныстар алгоритмдерін құру. Бұл орайда мәдени мұраны цифрлық мұрағаттау, тарихи

құжаттардың, қолжазбалардың, өнер туындыларының және ауыз әдебиетінің АТ арқылы жасалған сандық мұрағатын ұйымдастыру қажет. Кең аудитория үшін мәдени құндылықтарға қолжетімділікті қамтамасыз ететін виртуалды мұражайлар мен тарихи ескерткіштерді 3D реконструкциялау, қазақ тілін, тарихын және этнографиясын оқуға арналған интерактивті білім беру қосымшаларын әзірлеу қажет. Сондықтан жергілікті мәдени контексті ескере отырып, әлеуметтік желілерде және цифрлық медиада алға жылжытатын алгоритмдер мен мазмұнды басқарудың ұлттық стратегиясын әзірлеу маңызды. Ол үшін ұсыныс алгоритмдерінде қазақстандық мәдени контекске қолдау көрсетуді қамтамасыз ету үшін жаһандық цифрлық платформаларға қойылатын талаптарды енгізу. Қазақ тілі мен ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған цифрлық контенттің жергілікті өндірушілерін қолдау тетіктерін құру.

Сонымен қатар мемлекеттік тіл мен мәдениеттерді сақтауға бағытталған жасанды интеллектің этикалық пайдаланудың әлемдік стандарттарын әзірлеуге белсенді қатысу – уақыт талабы. Қазақ мәдениетінің жаһандық цифрлық кеңістіктегі ұстанымын нығайту үшін мәдени мұра және цифрлық дипломатия саласында түркі елдерімен және халықаралық серіктестермен бірлескен ЖИ жобаларын құру қажет. Бұл шараларды жүзеге асыру ұлттық бірегейлік пен қазақ тілін сақтап қана қоймай, белсенді түрде дамытуға, оларды заманауи цифрлық технологияларға біріктіруге және елдің тұрақты мәдени, экономикалық дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қазақ тілін ғылым тіліне айналдыру, қазақ тілінде жасанды интеллект құру, ақпараттық жүйелерде мемлекеттік тілдің үлесін көбейту, ана тілін жаңа әдістермен оқыту мәселелеріне басымдық береді. Университет ғалымдары бұл бағытта жемісті еңбек етіп, ауқымды жобалармен айналысып жатыр. Өткен жылдан бері ҚазҰУ ғалымдары «Қазақ тілін және технологиялық прогресті қолдау үшін үлкен тілдік модельді (LLM) құру» мегажобасын іске асыруда. Қазақ тілінің заманауи тілдік моделін құру бойынша мегажобаны ҚазҰУ Назарбаев университеті, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл – Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы, Ақпараттық және есептеу технологиялары институтымен бірлесіп орындауға кірісті. Университет мемлекеттік тіл мәртебесін көтеру, тіл білімінің ғылыми саласын дамыту, қазақ тілін жасанды интеллект жүйесіне енгізу бағытындағы жұмыстарды жүйелі жалғастыра береді.

Тереңдетілген зерттеу жұмыстары жүргізіледі

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Солтүстік-батыс саяси ғылымдар және құқық университетінің партия хатшысы Чжао Вандун бастаған делегациямен кездесу өткізді.



сының базасында Солтүстік-батыс политехникалық университетінің филиалы іске қосылды. Қытай тарапынан Орталық Азиядағы ең қуатты суперкомпьютер ҚазҰУ-ға орнатылды. Бұл әлем бойынша үздік 600 суперкомпьютер тізіміне кіреді. Қытай ғылым академиясының Экология және геогра-

фия институтымен бірлесіп «Қашықтықтан зондау технологиясы және қолдану» қазақ-қытай бірлескен зертханасы ашылды. Біздің басты мақсат – Қытай жоғары оқу орындарымен серіктестікті арттыру. Болашақта екі университет заң, құқық салалары бойынша тығыз жұмыс істеп, тәжірибелерімен бөліседі деп сенемін», – деді ректор Жансейіт Түймебаев.

Өз кезегінде Чжао Вандун ілтипат білдіргені үшін білім ордасының басшылығына ризашылығын айтып, қос университет арасындағы ынтымақтастықты жандандыруға ықыласты екенін жеткізді.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ



Тәжірибе алмасу орталығы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Орталық Азия заң анықтау және зерттеу орталығының салтанатты ашылуы өтті.

налған ірі алаңға айналады. Орталықтың жұмысы болашақ заңгерлер мен ғалымдардың кәсіби біліктілігін арттырып, құқықтық зерттеулер мен инновацияларға жаңа серпін беретініне сенімдімін», – деп атап өтті университет басшысы.

Сондай-ақ іс-шараға Солтүстік-батыс саяси ғылымдар және құқық университетінің партия хатшысы Чжао Вандун, Халықаралық құқық мектебінің деканы, Құқықтық сараптама және зерттеулер орталығының атқарушы директоры Лю Яцзюнь және т.б. қатысты.

Шара аясында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Солтүстік-батыс саяси ғылымдар және құқық университеті арасында екіжақты әріптестік

Орталық білім, зерттеу және заң саласындағы озық тәжірибе алмасу алаңы болып, академиялық қауымға да, жалпы елге де үлкен пайда әкелетіні сөзсіз.

Орталықтың ашылу салтанатына Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен заң факультетінің басшылығы, университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы, ғалымдар мен студенттер қатысты.



Іс-шараны Басқарма төрағасы – ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев құттықтау сөзімен ашты. «Орталық Қазақстан мен Қытай арасындағы құқықтық саладағы әріптестікті одан әрі нығайтуға, бірлескен ғылыми жобаларды жүзеге асыруға, академиялық ұтқырлықты дамытуға және халықаралық деңгейде танылған білім беру бағдарламаларын жетілдіруге ар-

пен бірлескен ғылыми зерттеулердің жаңа кезеңінің басталуын көрсететін өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.

Мәртебелі қонақтар мен шараға қатысушылар Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Қытай – Қазақстан құқықтық зерттеу орталығында болып, оның қызметімен танысты.

Айнұр АҚЫНБАЕВА



Атом энергетикасына білікті маманды бірлесіп даярлаймыз

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы меморандум жасасты. Аталған келісімге ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев пен «Қазатомөнеркәсіп» компаниясының өндіріс жөніндегі бас директоры Қуаныш Омарбековтің кездесуінде қол қойылды.



ҚазҰУ студенттері «Қазатомөнеркәсіп» компаниясында тағылымдамадан өтуге мүмкіндік алады.

Жүздесуде оқу ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев құрметті қонақтарға ҚазҰУ-дың ғылыми инфрақұрылымын таныстырып, болашақтағы жұмыс жоспарымен бөлісті.

«Ұлттық құрылтайдың төр-

тінші отырысына қатыстым. Жиында Мемлекет басшысы елімізде үш атом электр станциясы салынатынын айтты. Бүгінгі меморандум аясында атом саласына қажетті мамандарды даярлайтын боламыз. Бұл болашақ үшін өте қажет. ҚазҰУ ұлттық компаниялармен әріптестік байланысты жандандыруға баса мән береді», – деді ректор.

Өз сөзінде «Қазатомөнеркәсіп» компаниясының өндіріс жөніндегі бас директоры Қуаныш Омарбеков ілтипат білдіргені үшін ЖОО басшылығы мен ұжымына ризашылығын жеткізіп, ынтымақтастықты арттыруға бағытталған барлық бастамаларды қолдайтынын айтты.

Кездесу соңында тараптар болашақта жүйелі жұмыс істеуге уағдаласып, естелік сыйлықтармен алмасты.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ



Құрылтай — ашық диалог алаңы

Ұлттық құрылтай – қоғам мен мемлекет арасындағы сенімді нығайтуға бағытталған ашық диалог алаңы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, бұл жиын ел тағдырына қатысты маңызды шешімдер қабылданатын орын. Көкше жерінде өткен құрылтайда әлеуметтік-экономикалық даму, азаматтық қоғам, мәдениет, өнер, руханият, білім және ғылым даму мәселелері көтерілді.

Гүлбану ЖҮГЕНБАЕВА, тарих ғылымының докторы

ЕЛ БОЛАШАҒЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ҚҰРЫЛТАЙ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұсынысымен құрылған Ұлттық құрылтай шын мәнісінде билік пен қоғам арасындағы салиқалы диалогты қалыптастырудың алтын көпіріне айналды. Әрбір отырыстарында еліміздің көкейкесті мәселелерін көтеріп, ашық талқылауға ықыласты құрылтай тарихи жүгін орнықты атқаруда. Құрылтайда қарастырылып, талқыланып отырған мәселелер аса ауқымды, мұнда саясат, адам құқығы, идеология, әлеуметтік-экономикалық сұрақтар – барлығы қамтылады деп айтуға болады. Ел ішіндегі әлеуметтік күрделі мәселелер назардан тыс қалмайтынын атаған жөн. Отбасы құндылықтары, баланы қорғау, қоғамның әрбір мүшесінің жоқтаушысы, тірегі өз мемлекеті екенін заңнамалық негізде және ұлтымызға тән тәлім-тәрбиемен шешуде құрылтайдың атқарған істері нәтижелі. Руханият пен мәдениет мәселесі де арнайы жұмыс секцияларында талқыланып, ұлттық мемлекеттің негізі қазақ тілі мен әдебиеті, салт-дәстүрі мен тарихы екені байыпты ұғындырылып келеді. Сондай-ақ білім мен ғылым саласындағы көкейкесті сұрақтар, білім алушы мен ұстаз тұлғасы, білім алу мен кәсіби маман атану, қазақстандық ғылымды әлемдік брендке айналдыру жолындағы іс-шаралармен ұштастыру бағытындағы

талдамалық жобалары да қолдауға лайықты.

Биылғы құрылтайда сөйлеген сөзінде ел басшысы Аманжол бек Мемлекет басшысы Аманжол бек мерекесінің тарихи тамырларын зерделеп, ұлық мейрам – Өз Наурыз бен қасиетті оразаға құрылтайдың қатар келуінің мән-мағынасына назар аударды. Еліміздің, ұлтымыздың тарихының тереңдігін түрлі өркениеттер мен мәдениеттер тоғысуында өзінің бірегей болмысын сақтап, ұлттық құндылықтар жүйесін қалыптастырған сыпаты дәлелдейді. Мемлекет басшысы саяси реформалардың табысты жүргізілгенін атап, құқықтық, әкімшілік басқару жүйесіндегі оң өзгерістерге нақтылы тоқталып өтті. Демократиялық, азаматтық қоғам құру жолындағы кеңшілікті теріс түсінетіндер туралы қоғамдағы кейбір келеңсіздіктермен байланысты орынды көтерді. Жалпы алғанда, құрылтайдың мақсаты мен міндеті жайында Президенттің «Алқалы жиын алғашқы күннен бастап жалпыхалықтық жаңғырудың символына айналды. Қоғамдық диалогтың жаңа үлгісі қалыптасты. Өзара түсіністік пен құрмет бар жерде келісім болады. Құрылтайдың түпкі мақсаты да осы» деген бағасы орынды, әділ айтылды.

Ұлттық құрылтайдың мәртебесінің биік болуына қоғам болып атсалысу бәрімізге пәрыз.



Жайсаңбек АМАНЖОЛОВ, Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының доценті, з.ғ.к.

БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМДЫ ДАМУ – БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

Білім мен ғылым – кез келген елдің дамуының басты қозғаушы күші. Дегенмен Қазақстанда бұл салаларда бірнеше өзекті мәселе бар. Біріншіден, орта білім беру жүйесіндегі теңсіздік. Басқаша айтқанда, қазіргі таңдағы ауылдық жердегі оқу орындары мен қалалық жердегі оқу орындарында үлкен айырмашылық байқалады. Көптеген білімді мамандар қалалық жерде қалу себебінен ауылдық жерлерде жақсы мамандар жетіспеушілігі жас буынның тиісті деңгейде білім сапасын ала алмауына алып келеді. Сондықтан орта білім беру жүйесінің сапасын көтеру үшін ауыл мектептерінің инфрақұрылымын дамыту және интернетке қолжетімділікті арттыру, ұстаздардың біліктілігін арттыруға арналған арнайы бағдарламалар енгізу, оқулықтардың сапасын жақсартып, оқыту әдістемесін жаңарту сияқты жаңа жобалар енгізу керек. Екіншіден, жоғары білімнің сапасы мен қолжетімділігі төмен. Себебі көптеген жоғары оқу орындарындағы білім беру бағдарламалары халықаралық стандарттарға то-

лық сәйкес келмеуі, академиялық мүмкіндіктердің шектелуі және студенттердің шетелге білім алуға ұмтылысы мен мамандардың жетіспеуі тікелей елдің хал-жағдайын түсіреді. Осыған байланысты жоғары білімді реформалау керек, университеттерді халықаралық стандарттарға сәйкестендіру, академиялық еркіндікті күшейту, студенттер мен оқытушылардың ғылыми-зерттеу жүргізуге мүмкіндігін арттыру, мемлекеттік гранттардың санын көбейтіп, ауыл жастарына арнайы квота бөлу керек деп ойлаймын.

Ұлттық құрылтайда білім мен ғылым мәселелерінің талқыланыуы еліміздің болашағы үшін аса маңызды қадам болды. Қазақстандағы білім жүйесі мен ғылым саласы жаңаша даму жолына түсуі тиіс. Мемлекет осы бағыттағы реформаларды күшейтіп, сапалы білім мен ғылыми зерттеулерді қолдауы қажет. Себебі дамыған елдер қатарынан орын алуымыз білімді, білікті ұрпақтың қалыптасуына тікелей байланысты.

Әмірхан МЕНДЕКЕ, Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының аға оқытушысы

ӨЗГЕРІСТІҢ ҮЛКЕНІ ҚОҒАМДЫҚ САНАДАН БАСТАЛАДЫ

Кеңес заманында ұзақ жылдар бойы «бізді үкімет аштан өлтірмейді, көштен қалдырмайды», «бәрін партия ретке келтіреді» деген сенімге иек арттық. Бұл сенімге иек артқанымыз соншалық – біз үшін бәрін біреу істеп беретіндей бейғам тірлік кештік. Міне, осындай бейғамдығымыз бүгінгі нарықтық экономикада өзімізге үлкен бөгесін, зор кедергі болып отыр. Жауапкершіліктен жалтару, өзінің міндетін өзгеге арту, дайын дүниені күту, өзгерістерден қорқу секілді осындай бейғамдықтардан енді толық арылуымыз керек. Өзгерістің үлкені қоғамдық санадан басталады. Біздің әрқайсымыз Қазақстанның азаматы ретінде мойнымызға жауапкершілік жүктей білуіміз керек. «Егер мен пара алсам, не болмаса пара берсем, онда қоғамымыз да былғана, бүліне бастайды. Өйткені мен қоғамның мүшесімін ғой. Сондықтан да қоғамымыз, бәрімізге ортақ Қазақстанымыз таза, әділ болу үшін біздің әрқайсымыз қай жерде де, қандай жағдайда да таза әрі әділ болуымыз керек» деген ойға табан тіреуіміз қажет және осы ұстанымды өзімізге, өмірімізге мәңгілік серік етуіміз керек. Адам түзелмей, қоғам түзелмейді.

Бүгінгі Бурабайда өтіп жатқан құрылбайдан өз басым осындай ой түйіндедім.

Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайдың IV отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар маңызды мәселелермен қатар, жат діни ағымдардың жетегіндегі жастардың мәселесіне тоқталды. «Өткен жылы барлық аймақта балаларды психологиялық қолдау орталықтары ашылды. Заңдарға маңызды өзгерістер енгізілді. Тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күреске қатысты заң қабылданған соң, ахуал біршама жақсарды. Бірақ кейбір шалғай аудандарда әлі күнге дейін мұндай келеңсіз оқиғалар тыйылмай тұр. Жат діни ағымның жетегінде жүрген

Бекжан МЕЙІРБАЕВ, философия және саясаттану факультетінің деканы, филос.ғ.к., қауымдастырылған профессор

ТЕРІС ДІНИ АҒЫМДАРДАН ҚОРҒАУ КЕРЕК

адамдар жағдайды тіпті ушықтыруда», – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстанда жат діни ағымдардың жетегіндегі жастардың мәселесі – бұл қоғам үшін өзекті әрі күрделі мәселе. Жастардың теріс діни идеологияларға тартылуы түрлі себептермен байланысты, оның ішінде әлеуметтік, экономикалық және психологиялық факторлар бар. Жат ағымдар кө-

бінесе жастардың сенімін пайдалануды көздейді, оларды идеологиялық және психологиялық тұрғыда манипуляциялап, қоғамнан шеттетеді.

Бұл мәселенің басты себебі – жастардың дінтанулық білім мен рухани құндылықтарға деген түсінігінің жетіспеушілігі. Тиімді діни тәрбиенің болмауы, рухани бос кеңістік, қоғамдағы кейбір әлеуметтік қиындықтар жат ағымдардың

жастар арасында таралуына жол ашады. Сондай-ақ интернет және әлеуметтік желілер арқылы түрлі экстремистік идеялар жастардың санасын өзгертуде үлкен рөл атқарады.

Қоғамда жат діни ағымдардан қорғану және жастарды дұрыс діни ағымдарға бағыттау үшін мемлекеттік деңгейде, сондай-ақ білім беру мекемелерінде, жастар ұйымдары мен

діни бірлестіктерде жүйелі түрде алдын алу жұмыстары жүргізілуі тиіс. Жастардың санасында ұлттық және діни құндылықтарды сақтауға негізделген дұрыс бағдарларды қалыптастыру, олардың ақыл-ойын қалыптастырып, өзіне сенім артуға көмек көрсету маңызды.

Қоғамды теріс діни ағымдардың әсерінен қорғау, жастарды дұрыс бағытта тәрбиелеу, оларды радикалды идеялардан сақтандыру үшін дінтанушылар, психологтар және басқа да мамандар бірлесіп жұмыс жасауымыз қажет.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 90 жылдық мерейтойы қарсаңында химия және химиялық технология факультетінде Ғылым қорының қаржылық қолдауымен Электрохимиялық өндіріс технологиялары зертханасы ашылды. Құны 454 млн теңгелік жабдықтардың көмегімен құрылған зертхана энергетика және металлургия салаларына айтарлықтай үлес қосады. Зертхананың миссиясы – ҚР электрохимия саласында лайықты маман-кадрларды тәрбиелеу және отандық ғылымды дамыту.

Зертхана жетекшісі Федор Мальчиктің айтуынша, энергия сақтау жүйелері мен электрохимиялық процестер қазіргі заманғы ғылым мен техниканың негізгі бағыттарының бірі.

– Осы саладағы зерттеулерді жандандыру мақсатында жаңадан ашылған Электрохимиялық өндіріс технологиялары зертханасы осы бағыттағы маңызды бастаманың бірі болып отыр. Бұл зертхана литий-ионды аккумулятор, суперконденсатор және қаңа қаптама сияқты электрохимиялық процестерге арналған материалдар мен технологияларды жасауға маманданған. Мұнда электродтық процестерге іргелі зерттеулер жүргізіліп, инновациялық материалдар синтезделеді, – дейді ол.

Дәстүр бойынша электрохимиялық өндіріс технологиялары зертханасында зергерлік өнеркәсіпке арналған жабындарды алу технологияларын: никельмен қаптау, мыспен қаптау, хромдау, алтын жалату және күмістеу технологияларын жетілдіруге бағытталған гальванотехника саласында жұмыстар жүргізілді.

Көшірме жасалған металл жабдындарды бастапқы жабдындарды қалыптастыру кезінде гальванополия алу саласында қызықты әзірлемелер, сонымен қатар жабынның өсу қарқынын арттыру үшін жаңа электролиттер жасалды. Сондай-ақ зертханада пластмассаларды металдандыру, мыс, алюминий, никель және жезден жасалған бұйымдарды декоративті мақсатта тотықтыру технологияларының жаңа нұсқалары жасалды (О.Моисеевич, А.Галеева, А.Шолақова). Бұл жұмыстардың барлығы, әдетте, зергерлік бұйымдар өндірумен айналысатын мүдделі кәсіпорындармен тиісті шарттар негізінде орындалды.

Зертхананың ғылыми қызметінің маңызды кезеңі баспа платаларына, ғарыштық айналар мен антенналарға арналған полиимидті пленкаларды металдандыру мәселелеріне арналды. Сонымен бірге металдандырылған микрокапсулалар мен өзін-өзі емдейтін жабындарды алу технологияларын әзірледі (О.Моисеевич, А.Галеева, И.Мельситова, Е.Николаева).

Бұл жұмыстар XFTO гранты мен НАТО-ның екі гранты бойынша Марсель университеті, Техас университеті, Мәскеу педагогикалық университеті және Монпелье техникалық университетінің ғалымдарымен бірлесе отырып жүргізілді. Дүниежүзілік банктің қолдауымен ҚР БҒМ «Технологияларды коммерцияландыру» жобасы бойынша грант шеңберінде өзін-өзі емдейтін жабындарды алу жұмыстары бүгінгі күнге дейін жалғасуда.

Металдарды тұндырудың электрохимиялық әдістерінің көмегімен наноқұрылымдар мен фракталдық құрылымдарды қалыптастыру бойынша жү-

мыстар практикалық жағынан да, іргелі жағынан да қызықты (ҚР БҒМ нысаналы гранттары).

Сонымен никель мен мыс

Зертхана ғылыми-зерттеу инфрақұрылымын жетілдіреді

мысалында түрлі электродтардың матрицасы ретінде пайдалану үшін көпдеңгейлі фракталдық құрылымдарды қалыптастыру мүмкіндігі көрсетілді. Атап айтқанда электрохимиялық энергия түрлендіргіштерінің электродтарына арналды (Д.Қамысбаев, И.Мельситова). Ал гидроэлектрометаллургия мәселелерінде зертхана негізінен никель, мыс және мырыштың металл ұнтақтарын алу тәсілдерін әзірлеумен айналысады.

Беттік-белсенді заттардың қоспаларын пайдалана отырып, электролиттердің құрамы жетілдірілді және жоғары дисперсті ұнтақтарды алу үшін электролиз режимдері пысықталды (А.Қобжанов, М.Кушнарев). Жетістік ретінде мыс пен никель ұнтақтарын бірнеше микрон көлемінде алу технологиясын ғана емес, сонымен қатар тұнбаның пайда болу моделін әзірлеуді де атап өткен жөн.

Электрогидрометаллургия саласындағы маңызды жұмыс сонымен қатар уранның жерасты шаймалау процесінде қолданылатын күкірт қышқылының ерітінділерінде тотықтырғыштардың электрохимиялық генерациясына арналған жұмыс. Мұндай проблеманы «Қазатом-өнеркәсіп» ҰАК АҚ қойды. Ағынды электролиздерде надкүкірт қышқылы ерітінділерін алу режимдері пысықталды, процестің концентрациялық және электрохимиялық параметрлері оңтайландырылды (Ф.Мальчик, С.М.Калугина).

ЗЕРТХАНАДА СӘТТИ АЯҚТАЛҒАН ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2022-2024 жж. «Жоғары энергиялы металл-



иондық аккумуляторлар үшін инновациялық сулы электролит әзірлеу» жобасы (IRN AR14871970).

Зертхана ашылғалы ҚР мақсатты қаржыландыру бағдарламасы (ПЦФ) бойынша «Қазақстанда батареяларды кәдеге жарату мәдениетін енгізу және жасыл технологияларды қоса алғанда, пайдаланылған Li-ионды аккумуляторлардан құнды компоненттерді алу технологияларын әзірлеу 2024-2026 жж.» атты жобамен жұмыс істеп жатыр. Қазіргі таңда Қазақстанда экологиялық мәселелердің өзектілігі артып келеді. Соның ішінде пайдаланылған батареялар мен аккумуляторларды кәдеге жарату мәселесі ерекше маңызға ие. Себебі олардың құрамында қоршаған ортаға зиянды ауыр металдар мен химиялық қосылыстар бар. Осыған байланысты елімізде батареяларды кәдеге жарату мәдениетін енгізу және жасыл технологияларды дамыту маңызды міндеттердің бірі саналады.

Пайдаланылған батареялар мен аккумуляторлар дұрыс жойылмаған жағдайда топырақты, суды және ауаны ластайды. Әсіресе құрамында қорғасын, литий, кадмий және сынап сияқты улы заттар бар аккумуляторлар ерекше қауіп төндіреді. Мұндай қалдықтарды дұрыс өңдеу қоршаған ортаны қорғауға ғана емес, сонымен қатар құнды металдарды қайта өңдеу арқылы экономикалық пайда алуға да мүмкіндік береді. Қазақстандағы батареяларды кәдеге жарату жағдайына келсек, қазіргі таңда елімізде электронды қалдықтарды жинау және қайта өңдеу жүйесі толық қалыптаспаған. Алайда соңғы жылдары эколо-

гиялық ұйымдар мен жеке кәсіпорындар бұл бағытта белсенді жұмыс істеуде. Қазақстанда бірнеше кәсіпорын ескі аккумуляторларды қайта өңдеумен айналысады, алайда бұл салада әлі де көптеген мәселелер бар. Жоба жетекшісі Федор Мальчиктің айтуынша, ең негізгілері мыналар:

- Батареяларды жинау инфрақұрылымының жеткіліксіздігі.
- Халықтың экологиялық таным-түсінігінің төмендігі.
- Кәдеге жарату технологияларының толық дамымауы.
- Мемлекеттік қолдау мен заңнамалық реттеудің жеткіліксіздігі.

Li-ионды аккумуляторлардан құнды компоненттерді алу технологияларына келсек, литий-ионды аккумуляторлар (Li-ion) кеңінен қолданылатын энергия көздері болып табылады. Олардың құрамында литий, никель, кобальт, марганец және басқа да құнды металдар бар. Қазақстанда жасыл технологияларды енгізу және батареяларды қайта өңдеу саласын дамыту үшін төмендегі шараларды жүзеге асыру қажет деп ойлаймыз.

Құқықтық базаны жетілдіру – аккумуляторларды қайта өңдеуге қатысты заңнаманы күшейту және кәсіпорындарға ынталандыру тетіктерін ұсыну.

Жинау инфрақұрылымын дамыту – батареяларды қабылдау пункттерін көбейту және оларды халыққа қолжетімді ету.

Зерттеу және технологияларды дамыту – отандық ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындарында қайта өңдеу технологияларын дамыту.

Халықты ақпараттандыру – экологиялық білім беру бағдарламаларын енгізу және батареяларды дұрыс жою мәдениетін қалыптастыру.

Жеке секторды ынталандыру – бизнес өкілдеріне жасыл технологияларды енгізуге мемлекеттік қолдау көрсету.

Қазақстанда батареяларды кәдеге жарату мәдениетін дамыту және Li-ионды аккумуляторларды қайта өңдеу технологияларын енгізу экологиялық және экономикалық тұрғыдан тиімді шешім. Бұл бағыттағы жұмыстарды күшейту арқылы еліміз қоршаған ортаны қор-

ғауға, табиғи ресурстарды үнемдеуге және жасыл экономикаға көшуге үлкен қадам жасай алады. Мемлекеттік және жеке сектордың бірлескен күш-жігері бұл салада тұрақты даму мен инновацияларды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА НИЕТТІМІЗ

Химия және химиялық технология факультеті деканының орынбасары, химия ғылымының кандидаты, профессор Лейла Кудрееваның ұсынысы.



– Біз зертхана аясында ынтымақтастықты бағалаймыз және жаңа жобалар мен бастамаларға ашықпыз. Бірлесіп жұмыс істеу ғылым мен технологияда үлкен жетістіктерге әкелуі мүмкін екеніне сенімдіміз. Сондықтан біз әрқашан жаңа серіктестерге қуаныштымыз. Электрохимия саласындағы дипломдық жұмыстар мен ғылыми жобаларды орындау бойынша жұмыс істей отырып, студенттерге теориялық білімді практикада қолдандырудың бірегей мүмкіндігін ұсынамыз. Білім алушыларға жұмыс орны мен қажетті құрал-жабдықтарды ғана емес, сонымен қатар тәжірибелі мамандардың ғылыми жетекшілігін де ұсынуға тырысамыз. Бұл жас ғалымдар үшін құнды тәжірибе жинауға және болашақ кәсіби жетістіктерге негіз қалауға тамаша мүмкіндік.

Басқа институттар мен зертханалық әріптестерге айтарымыз – бірлескен ғылыми жобаларды талқылауға және әзірлеуге әрқашан дайынбыз. Бірлескен жұмыс күрделі ғылыми мәселелерді шешуге, сондай-ақ электрохимия саласындағы жаңа әдістер мен технологияларды әзірлеу үшін біліміміз бен ресурстарымызды біріктіруге мүмкіндік береді деп сенеміз. Біз ынтымақтастық туралы кез келген ұсыныстарды қарастыруға дайынбыз.

Сондай-ақ ғылымға мүдделі адамдарға арнап зертханамызға экскурсия жасауға қуана келісеміз. Бұл біздің жабдықты жеке көруге, ағымдағы жобалар мен зерттеулермен танысуға және ынтымақтастық мүмкіндіктері туралы көбірек білуге тамаша мүмкіндік. Қызметкерлер біздің жұмысымыз туралы қуана айтып, тәжірибелерімен бөлісіп, кез келген сұрақтарға жауап береді.

Электрохимиялық өндіріс технологиялары зертханасының ашылуы – Қазақстандағы ғылыми-зерттеу инфрақұрылымын дамытудағы маңызды қадам. Оның жұмысы болашақта жасыл энергетика, жоғары технологиялық құрылғылар мен өндіріс салалары үшін инновациялық шешімдерді ұсынуға ықпал етеді. Бұл зертхана жаңа ғылыми жетістіктердің бастамасы болары сөзсіз.

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ



Ұстазға тағзым

Еліміздегі маңдайалды оқу орындарының бірі – Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ туралы сөз болғанда, тұңғыштар қатарынан ойып орын алған математика факультеті есте тұратыны белгілі. Бұл ұжымның толағай тарихы мен ел игілігіне қосқан қомақты үлестері туралы әлі де талай туындылар жарық көретіні күмән тудырмаса керек. Белгілі бір кезеңде айтуға тұрарлық ісімен ел есінде қалған ұрпақ өкілдері жадымызда жаңғырып тұратыны осыған айғақ.

Сол ұрпақтардың бірі білгенімен бөлісуге келгенде таяқ ұстап барғанға тай мінгізіп жіберетіндей жомарт, елімізде ғылым мен білімнің өркендеуіне өзіндік із қалдырып кеткен Шалтай Смағұловтың курстастары. Домбыраның қос ішегіндей, тағдырлары қатар өрілген Шалтай мен Нарғозы Тұрсынбайұлы өз курстастарын тиын байлығынан гөрі білім байлығына жұмылдырғанының арқасында сол курстан ғылыми дәреже мен атақтан мақұрым қалғаны кемдекем. Осындай әлеуетті ұрпақпен тізе қосып, қоян-қолтық араласқан, «Бұлақ көрсек көзін аш» деген тамаша тәмсілді тула бойына ұялатқан Оңдасын Өтегенұлымен әріптес болғанымызды мәртебе тұтамыз.

Кезінде тағдыр тауқыметімен елімізге қоныс аударған көрнекті ғалымдардың басын қосып, Қаныш Сәтбаевтай асылдың «түйе баққан» Қазақ елінде шаңырағын көтерген Ғылым академиясының қаз баса бастаған, 1950 жылдың наурыз айының 2-жұлдызында Ақтөбе облысы Жұрын ауданының №2 кеңшарында (қазіргі Мұғалжар ауданы) дүние есігін ашқан Оңдасын ағамыз жеті жасында сол ауылдағы жетіжылдық мектептің табалдырығын аттаған екен. Ғұмырын құрылыс саласына арнаған, білдей бір кеңшардың негізін қалаған әке мен үйішінің қамқоры – анасының тәліміне қаныққан жеткіншек 1961 жылы Ақтөбе қаласындағы мектеп-интернатқа қабылданып, оны 1967 жылы күміс медальмен тамамдаған соң, Қазақ мемлекеттік университетінің механика-математика факультетіне оқуға түседі. Қабілеті қарымды жас Асан Таймановтай танымал тұлға басқарған Жоғары алгебра және математикалық логика кафедрасында шыңдалып, 1972 жылы университетті табысты бітіріп, еңбек жолын бастайды.

Математиканың қырынсырын меңгере түсуге құштар жас маманның ғылым жолына бет бұруы 1978 жылы ҚР Ғылым академиясының Математика және механика институтынан «Жаңа Сібір» ғылыми орталығына, НГУ университетінің аспирантурасына қабылдануынан басталады. Жаңа ортада математика майталмандарынан дәріс алған Оңдасын Өтеген



ұлы КСРО ҒА академигі, Социалистік Еңбек Ері Николай Яненконың жетекшілігімен 1981 жылы аспирантураны бітіріп, ғылым кандидаттығына диссертацияны аяқтап, НГУ-дың ғылыми кеңесіне тапсырған үміткер 1983 жылы «Классикалық емес кейбір теңдеулер үшін қойылған шеттік есептердің қисындылығы» тақырыбында НГУ-де табысты қорғап шығады да, Қазақстанға оралып, механика-математика факультетінің академик М.Өтелбаев басқаратын Қолданбалы математика кафедрасына ұстаздық жұмысқа кіріседі. Осы мерзімде математикалық талдау, комплекс айнымалы функциялар теориясы, жалпылама функциялар және олардың қолданулары, Соболев кеңістігінің теориясы, Эллипстік теңдеулер, Навье-Стокс теңдеулер теориясы, математикалық физика есептері үшін компакттік және монотондық әдістері, математикалық физиканың шеттік есептерін шешудің функционалдық әдістері пәндерінен дәрістер оқып, іс-тәжірибелік сабақтар жүргізді.

Қашанда мансап пен атақты қанағат тұтатын Оңдасын аға жас мамандарды даярлау жолында жалықпай, ізбасар тәрбиелеудің үлгісін көрсетіп келеді.

Екі мыңыншы жылдардан бастап ғылыми жобаларды ұтып, талантты студенттердің басын біріктіріп, математикалық физика теңдеулерінен семинарлар ұйымдастырды, ф.-м.ғ. докторы, профессор Ш.Сахаевты шақырып, Ленинград университетінің білікті мамандарының бағдарламасымен де таныстыруды қолға алды. Осындай қажырлы еңбектің нәтижесінде С.Айтжанов, Х.Хомпыш, А.Абиев, Д.Ахмед-Заки,

Қ.Шамшиденов сияқты жас ғалымдар белсенді математиктерге айналды. Сонымен қатар сызықтық емес теңдеулер үшін кері есептерді шығарудың Навье-Стокс теңдеуі үшін кері есеп, Навье-Стокс теңдеуіне типтес жылу конвекциясы теңдеуі үшін кері есептер бағыты қалыптаса бастады.

Оңдасын Өтегенұлының жетекшілігімен А.Тәңірбергенов, С.Айтжанов және Х.Хомпыш кандидаттық диссертация қорғап, қомақты ғылыми нәтижелерге қол жеткізіп, қазір Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінде және Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде еңбек етуде. Шәкірттері С.Айтжанов пен Х.Хомпыш оқытушылық қызметінде жеткен жетістіктері мен ғылыми табыстары үшін «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» грантын жеңіп алуы және қауымдастырылған профессор атағын иеленуі ұстаз еңбегінің мерейін асырғаны деп білеміз.

Ұлағатты ұстаздың Алматы қалалық орта мектептерінің ынталы оқушыларын ғылымға баулып, жетекшілік жасап, дайындаған оқушылары республикалық және халықаралық ғылыми зерттеу жобаларына қатысып, жұлделі орындар алып, диплом және медальдармен марапатталуына мұрындық болғаны жас ұрпақтың білімге ұмтылысын арттыра түсетіні сөзсіз.

Ізгілікті ісімен ілтипатқа бөленген тәлімгер қазіргі кезеңде Новосібір мемлекеттік университетіндегі кері есептердің жетекші маманы, профессор А.Қожанов, Ресей ғылым академиясының Сібір филиалының профессоры Г.Демиденко сияқты шетелдік ғалымдармен бірлесіп ғылыми зерттеулер жүргізуде. Сонымен қатар 1994 жылдан бері Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы ММҒЗИ ғылыми жобалардың жауапты орындаушысы және жоба жетекшісі ретінде бас ғылыми қызметкер қызметін де атқарып келеді.

Оңдасын Өтегенұлының бірнеше ғылыми жобаның жауапты орындаушысы ретінде тақырыбы терең мәселелердің математикалық шешімдерін алуда қосқан үлесі де зор. Отандық және шетелдік ғылыми журналдарда 70-тен астам мақаласы жарық көрді. Жетпістің бесеуіне толып отырған ағамыздың қаламының қарымы қайтпай, жас ұрпақты ғылымға баулу жолында шеберлік шыңынан көріне беруіне тілектеспіз.

Төлеухан ШОЙБАСҰЛЫ,
Серік АЙТЖАНОВ,
Математика

кафедрасының доценттері

Қазақ ұлттық университетінің академиялық саясатында көрсетілген ЖИ технологияларын білім беру ісіне енгізу туралы ережесіне сай, шығыстану факультеті Арабтану орталығы мен ТШЖОА кафедрасы арабтану бөлімінің ұйымдастыруымен «Жасанды интеллектті араб тілін үйретуде қолданудың тиімді тәсілдері» атты 10 күндік халықаралық ғылыми семинар болып өтті. Семинар тұрақты даму үшін серіктестік тармағы аясында жоспарланған іс-шаралардың бірі.

Жасанды интеллект: тіл үйренудегі тиімді тәсілдер



Ғылыми семинар Египет Араб Республикасы (ЕАР) Білім министрлігі Ғылыми зерттеулер және ақпараттық технология академиясы, Өл-Азһар университеті шарифат және құқық факультетімен (ЕАР Каир) бірлесіп ұйымдастырылды.

Шығыстану факультеті жанындағы Арабтану орталығының директоры Б.Жұбатова қазіргі цифрлық кеңістік әлеміндегі жасанды интеллекттің ғылыми зерттеулер мен білім берудегі басымдықтарын, әсіресе шет тілін үйретудегі рөлін ерекше атап өтіп, халықаралық деңгейде ұйымдастырылып отырған ғылыми семинардың өзектілігі мен маңызына тоқталды.

Ғылыми семинардың мақсаты – жаһандану дәуірінде шет тілін үйренудегі жасанды интеллектті қолданудың тиімді тәсілдерін, теориялық және практикалық маңызын айқындау, шетелдік тәжірибемен бөлісу. Сондай-ақ ЖОО бағдарламаларына енгізудің оңтайлы жолдарын айқындауға бағытталған.

Ғылыми семинар спикерлері аталған академияның ақпараттық және мәдени ақпараттар тарату бөлімінің бас директоры, профессор Абул Футух Юнус Сабри (ЕАР Каир) және Өл-Азһар университеті шарифат және құқық факультетінің (ЕАР Каир) профессоры, PhD Аmani Махмуди сынды білікті мамандар болды. Профессор Абулфутух Са-

бри Юнус ЖИ-дің жалпы шет тілдерін үйренудегі ортақ мүмкіндіктері мен араб тілін үйренудегі өзіндік ерекшеліктерін атап өтті. Сонымен бірге Египет Араб Республикасы ЖОО-ларындағы білім беру ісінде ЖИ-ді қолдану тәжірибелерімен бөлісіп, тіл үйренушілерге жасанды интеллектті пайдаланудың негізгі жолдарына модельді қосымшалар, интернет ресурстары мен онлайн платформалар кіретінін айтты. Тіл үйренуде ЖИ не үшін қажет, ЖИ мен адам интеллектісін салыстыру қаншалықты маңызды сынды сұрақтар мазаласа, Өл-Азһар университетінің профессоры Аmani Махмуди араб тіл білімі ғылымындағы ғылыми терминдерді зерттеуде, терминдік, лексикалық мағыналарын түсінуде жасанды интеллект технологияларының мүмкіндіктерін меңгеру арқылы білім беру саласына енгізудің жолдары, тиімді әдіс-тәсілдерімен бөлісті.

Ғылыми семинарға ҚазҰУ шығыстану факультеті ТШЖОА кафедрасы арабтану бөлімінің, философия және саясаттану факультеті ОПҚ және білім алушылары, сондай-ақ Нұр-Мұбарак университетінің студенттері қатысты.

Семинар соңында қатысушыларға сертификат берілді.

Айдынгул ХАВАН,
Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы арабтану бөлімінің меңгерушісі

ҚазҰУ-да 52 жыл қызмет атқарған ұлағатты ұстаз, ағылшын тілінің білікті маманы, шебер аудармашы Мәрияш Қайдауылқызы, тірі болса, 75 жасқа келер еді. Бір жарқын тұлға, қадірлі ұстазымыз өмірден өтті. Бұл орны толмас қаза, жүрекке ауыр тиетін хабар. Ол өз ғұмырында сан мыңдаған шәкіртке білім мен тәрбие беріп, үлкен өмір жолына қанат қақтырған ардақты жан еді. Біз Мәрияш Қайдауылқызын тек білім беруші ұстаз ғана емес, адамгершіліктің, парасаттылықтың, ұлағаттылықтың символы ретінде танымыз.

Иә, Қазақ ұлттық университетінің доценті Мәрияш Қайдауылқызы нағыз аңыз адам. Ол білікті аудармашы ғана емес, сонымен қатар өз ісіне шын берілген педагог ретінде танылды. Шәкірттері мен әріптестері білім мен ғылым жолындағы оның шексіз еңбегі үшін жоғары бағалайды.

Мәрияш Мәкішева 1971 жылы Алматы педагогикалық шет тілдер институтын үздік тамамдап, сол жылдан бастап С.М.Киров атындағы ҚазМУ-да (қазіргі ҚазҰУ) еңбек жолын бастаған. Ол өзін шығармашылықпен жұмыс істейтін педагог ретінде танытып, білім беру саласына айтарлықтай үлес қосты.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Халық ағарту ісінің үздігі» атағын алды. ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен, университеттің құрмет грамоталарымен, ЮНЕСКО-ның, «Невада-Семей» халықаралық қозғалысының алғыс хаттарымен, ҚазҰӨУ-дің 75 және 80 жылдығына арналған төсбелгілермен марапатталды.

ҚазҰУ-да ұлттық аударма мектебін дамытуға қосқан елеулі үлесі, жастарды тәрбиелеуге және кәсіби даярлауға қосқан жеке үлесі үшін, белсенді қоғамдық қызметіне орай, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. 2009 жылы университеттің 75 жылдық мерейтойы аясында білім мен ғылымның дамуына қосқан үлесі және қоғамдық жұмыстарға белсене қатысқаны үшін арнайы төсбелгі иесі атанды. Қазақ ұлттық университетінің киелі шаңырағында жарты ғасырдан астам уақыт бойы ұстаздық етіп, бірнеше буын шәкірт тәрбиелеген, аударма ісінің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан дара тұлға өзінің оқытушылық шеберлігін арттыру үшін аянбай еңбек етті. Ол елішінде де, шетелде де (ММУ (Ресей), Джорджтаун университеті (АҚШ), Оклахома мемлекеттік университеттерінде (АҚШ) біліктілікті арттыру курстарынан сәтті өтті.

Мәрияш Қайдауылқызы ғылыми-әдістемелік қызметпен айналыса отырып, 50-ден астам ғылыми еңбек, ағылшын тілінен төрт оқулық шығарды: «ФМО сырттай оқитын студенттерге арналған ағылшын тілі оқулығы»; «Ағылшын тілі, I бөлім»; «Ағылшын тілі, II бөлім»; «Reader for Students of International Relations Department» оқу құралдарын бүгінде студенттер кеңінен пайдаланып келеді. Мәрияш Қайдауылқызы кәсіпқойлықтың жоғары деңгейіне сай болғандықтан, бірнеше рет халықаралық форумдарға аудармашы-синхронист ретінде қатысты. Соның ішінде ЮНЕСКО, ДСҰ, ДДҰ, XXVI олимпиада ойындарының семинарлары мен конференциялары сияқты ірі халықаралық іс-шараларда аудармашы-синхронистік қызмет атқарды. Ға-

лымның ҚазҰУ-дың ресми байланыстар желісі бойынша аударма ісін дамытуға қосқан үлесі зор. 1996 жылы Мәрияш Мәкішева ҚазҰУ профессорлар тобымен бірге аудармашы-үйлестіруші ретінде Оклахома мемлекеттік университетіне барып, ҚазҰУ өткізетін халықаралық форумдардың жұмы-



қасы. Ол кісінің «Адал еңбек ет, шындықтың жағында бол» деген сөзі әлі күнге дейін мен үшін өмірлік ұстаным.

Мұхамбетқали БҮРКІТБАЕВ, профессор:

– Мәрияш Қайдауылқызы өте мейірімді, бірақ талапшыл жан еді. Әрбір шәкіртінің қабілетін бағалап, олардың дамуына барын салды. Әрдайым жаңашылдыққа ұмтылып, үздіксіз ізденісте жүрді. Ұстазымыздың аудармалары көркемдік пен дәлдіктің, мағыналық тереңдік пен тіл шеберлігінің айқын үлгісі еді. Оның артында қалдырған жарқын ізі ешқашан өшпейді. Ұстаздың тәлімін көрген шәкірттері мен әріптестері оны әрдайым сағынышпен, құрметпен еске алады.

Аударма ісінің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосты



Кәрімжан ШӘКІРОВ, заң ғылымының докторы, профессор:

– Бүгін біз шет тілінің маманы, асыл ұстаз Мәрияш Қайдауылқызын құрметпен еске аламыз. Ол өмірінің көп бөлігін білімге, шәкірт тәрбиесіне арнап, саналы ұрпақ қалыптастыру жолында аянбай еңбек етті. Білімі мен білігі жоғары, әрдайым ізденісте жүретін ұлағатты ұстаз болатын. Оның дәрістері тек тілді үйретіп қана қоймай, шәкірттерінің өмірге деген көзқарасын кеңейтіп, оларға шабыт беретін. Ол шәкірттерін әрқашан қолдап, олардың болашағына сеніммен қарады.

Фатима КУКЕЕВА, тарих ғылымының докторы, профессор:

– Ұстазымыздың есімі алтын әріптермен жазылардай тұлға еді. Оның өмірі бізге өнеге. Ол кісінің берген білімін, үйреткен қағидаларын өмірімізде қолданып келеміз. Оның мейірімділігі, даналығы, еңбекқорлығы мен ұстанымы көпшіліктің жүрегінде мәңгі сақталады. Ол тек білім беріп қоймай, адамгершіліктің, жауапкершіліктің және жан-жақтылықтың үлгісі бола білді.

Асқар НҰРАЛИЕВ, елші:

– Дипломатия – үлкен жауапкершілік пен терең білімді қажет ететін сала. Осы жолда менің ең алғашқы тәлімгерім – Мәрияш Қайдауылқызы. Ол кісі бізге өз ойымызды ашық жеткізуді, әр нәрсенің байыбына барып шешім қабылдауды үйретті. Оның берген білімі мен өмірлік ақылдары әр кездесуде маған жол көрсетіп тұрады.

сына аудармашы ретінде қатысты.

Ұстаздық жол – ұлы жол. Мәрияш Қайдауылқызының шәкірт жүрегіне нұр құйған әр сабағы, терең білімі мен тағылымы біз үшін өшпес мұра. Ол тек ағылшын тілін үйретіп қана қоймай, жас ұрпақтың ой-өрісін кеңейтіп, дүниетанымын тереңдеткен ұстаз еді. Аударматану ғылымының дамуына ерекше еңбек сіңірген, ғибратты ғұмырымен кейінгі ұрпаққа үлгі болған ұстаз. Мәрияш Қайдауылқызының тағылымды ғұмыры мен еңбек жолы – ұрпаққа өнеге. Ол өз өмірін тек қана білім беру ісіне арнап қоймай, аударма саласының қалыптасуы мен дамуына аянбай қызмет етті. Оның шәкірттері бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде, ғылым мен білімнің әр саласында жемісті еңбек етіп жүр. Ұстаздың әрбір дәрісі, әрбір айтқан сөзі тек білім көзі ғана емес, өмірлік бағыт-бағдар берер даналыққа толы еді. Саналы ғұмырын адал еңбекке арнап, жас мамандарды тәрбиелеп, аударма ісінде талай еңбектің өмірге келуіне үлес қосқан абзал жанның есімі әрдайым құрметпен аталмақ. Оның еңбекқорлығы, адамгершілігі, шәкірттеріне

деген шынайы қамқорлығы кейінгі ұрпаққа үлгі.

Мәрияш Қайдауылқызының туғанына 75 жыл толуына орай, ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар факультеті Дипломатиялық аударма кафедрасының ұйымдастыруымен «Цифрлық дәуірде шетел тілдерін және аударма пәндерін оқытудың қазіргі заманауи әдістері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылды. Жиын халықаралық қатынастар факультетінің деканы Ж.Сайрамбаеваның басшылығымен өтті. Оның жұмысын Дипломатиялық аударма кафедрасының меңгерушісі М.Мұрзағалиева жалғастырды. Басқосуға оқытушы-профессорлар М.Бүркітбаев, А.Молдағалиева және көптеген қызметтес болған жандар, шәкірттері, сондай-ақ Түркия, Иордания, Жапония, Қытай, Франция елдерінен шетелдік профессорлар қатысып, өз ой-пікірлерімен бөлісті.

Цифрлық дәуірде шетел тілдерін оқыту мен аударма ісі жаңа әдістерді, технологияларды және жаңашыл көзқарасты талап етеді. Осы саланың дамуына зор үлес қосқан тәжірибелі ұстаз, көрнекті аудармашы, әділдік пен кәсі-

билікті басты қағида ретінде ұстанған Мәрияш Қайдауылқызының еңбегі ерен еді. Ғалымның 75 жылдығына арналған еске алу конференциясында оның ғылыми-методикалық еңбектері, адамгершілік қасиеттері және білім саласына қосқан баға жетпес үлесі айтылды.

Бүгінде еліміздің әр түкпірінде қызмет етіп жүрген шәкірттері Мәрияш Қайдауылқызының есімін үлкен құрметпен атап, ақылшы, үлгі тұтар тұлға ретінде де бағалайды.

Бауыржан ӘБДІРАХМАНОВ, депутат:

– Мәрияш Қайдауылқызы бізге тек білім ғана емес, өмір сүру «өнерін» үйретті. Ол кісінің талапшылдығы, шынайылығы, адалдығы маған үлкен сабақ болды. Мен бүгін елдің саяси өміріне белсене араласып жүрсем, ол – ұстазымның берген бағыт-бағдарының ар-

Ұстаздың есімі әр шәкіртінің жүрегінде мәңгі сақталады. Оның еңбегін елеп, атын құрметтеп, естеліктерін ұмытпау – біздің парызымыз. Ол кісі өмірден өткенімен, оның қалдырған ізі, білімге, ізгілікке толы мұрасы ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса бермек.

Гүлнар МҰХАМЕТҚАЛИЕВА, Әйгерім СМАҒҰЛОВА, ф.ғ.к., Дипломатиялық аударма кафедрасы

Рухани мәдениеттің өзегі

БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарын іске асыру шеңберінде «Сапалы білім беру» бағыты бойынша Философия кафедрасы студенттер арасында «Құндылықтар – рухани мәдениеттің өзегі» тақырыбында факультетаралық шығармашылық-интеллектуалдық сайыс өткізді.



Сайысқа механика-математика, биология және биотехнология факультеттерінің 2-курс студенттерінен құрылған төрт команда белсене қатысып, танымдық және шығармашылық қабілетін ортаға салды.

Философия кафедрасы меңгерушісінің оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Ж.Бекенова, ғылыми-инновациялық қызмет және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі орынбасары Р.Зейнуллин және кафедраға оқытушылары Қ.Нұрғалиев, Д.Балабекұлы сайысқа төрелік етіп, атсалысты.

Студенттер сайысы үш турдан тұрды. Таныстыру мақсатындағы бірінші турда топтар жеребе арқылы берілген ұлттық ұлттық құндылықтарын ескере

отырып, мәдени ерекшеліктерін айшықтап көрсетті. «Үй тапсырмасы» деп аталатын екінші тур үйден дайындап келген, әр ұлттың ұлттық құндылығын дәріптейтін өзіне тән салт-дәстүрі деп аталды. Бұл бөлімнің негізгі тапсырмасына сай әр топқа өздері таныстырған халықтың мәдениеті мен құндылықтары жайында сұрақтар қойылып, әр халықтың дүниетанымдық көзқарасына кеңінен тоқталды.

Сайыс барысында студенттер берілген тапсырманы жоғары деңгейде орындап, өте жақсы дайындық нәтижесін көрсетті. Елдің ертеңі жас мамандардың қолында десек, сол жас маманның тұлғалық қалыптасуына университет қабырғасынан қалыптасқан

тәжірибе аса маңызды болмақ. Себебі ұлттық құндылықтар – болашақ ұрпақ тәрбиесіндегі басты негіз екені әмбеге аян. Демек, дәріптеген танымдық сабақ өз мақсатына жетті. Әділқазылардың шешімімен бас жүлде биология және биотехнология факультетінің студенттерінен құралған «Сансара» командасына, 1-орын механика-математика факультетінің «Фудзияма» командасына, 2-орындар екі факультеттің «Пифагор» және «Ойдария» командаларына бұйырып, олар дипломдармен марапатталды.

Гүлнар СЕМБАЕВА,
Жадыра ҚАЗИЕВА,
Философия
кафедрасының
аға оқытушылары

Жатақханаға заманауи асүй жиһазы орнатылды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетіне қарасты жатақхананың екі асханасына заманауи жиһаз орнатылды. Бұған қоса, жаңа үстел мен орындықтар қойылды.



Сонымен қатар білім алушы жастардың емін-еркін ас дайындаулары үшін жаңадан 4 электронды плита мен 2 тоңазытқыш студенттер игілігіне берілді. Жаңа асүй жиһазы мен техникалар демеушілердің көмегімен сатып алынып, тарту етілді.

Ашылу салтанатына оқу ордасы мен факультет бас-

шылығы, оқытушы-профессорлар құрамы мен студент-жастар қатысты.

Асүй жиһазын орнатуға факультет түлектері демеушілік жасады. Бұл студенттердің өлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған игі қадам.

Жиын барысында демеушілер атынан жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің үздік 10 тыңдаушысына 35 мың теңге көлеміндегі бір реттік шәкіртақы табысталды.

Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ



Тұрақты даму мақсаттарының 16-шы «Бейбітшілік, әділдік және тиімді институттар» бағыты аясында Шет тілдер кафедрасы «Қазақстандағы балалар құқығы болашақ заңгерлер көзімен» атты халықаралық іс-шара өткізді.

Басқосуда кафедра оқытушылары және заң факультетінің 1-курс студенттері қатысып, мазмұнды баяндама жасады.

Жиынның бір ерекшелігі – оның жұмысына Моңғолия білім ордасының заң факультеті студенттерінің Zoom платформасы арқылы қосылуы болды. Заң факультетінің студенті Раббина Болат балалар құқығы тақырыбында өзінің әсерлі импровизациясымен бөлісті. Студент өз еліндегі балалардың құқығын қорғау жүйесін, осы бағыттағы заңнамалар мен бағдарламаларды қызықты әрі мазмұнды түрде жеткізді. Қазақстандық студенттер де шет қалмай, балалар құқығын қорғау, олардың мүддесін сақтау тақырыбына арналған презентацияларымен көзге түсті.

Іс-шара барысында студенттер балалардың құқығын қорғау мәселелерін заманауи көзқараспен талқылап, осы бағытта болашақ заңгер ретінде түйінді мәселелерді шешу жолдары мен тың идеялар ұсынды. Қазақстандық және моңғолиялық студенттер арасында сұрақ-жауап форматында қызық-

ты пікір алмасу мен сұхбат-әңгімелесу ұйымдастырылды. Тараптар өз елдеріндегі заңнамалық базаны салыстырып, тәжірибе алмасты. Әсіресе балалардың білім алу, қауіпсіздік және тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғалуы сияқты өзекті мәселелер көтерілді. Іс-шараны қорытындылай келе, заң факультетінің студенттері ұлттық өнерді паш етіп, домбырамен күй шертіп, ән айтты. «Елім-ай» әні қоңыр дауыспен шырқалып, әр жүрекке патриоттық сезім ұялатты. Сонымен қатар әсерлі поэзия қатысушылардың көңіліне ерекше шабыт сыйлады.

Жиын соңында белсенді студенттерге алғыс хат табысталды. Марапат алғандар арасында қазақстандық студенттермен бірге моңғолиялық студенттер де болды. Мұндай ынтымақтастық болашақ заңгерлердің кәсіби және халықаралық деңгейде ой-өрісін кеңейтуге үлкен ықпалын тигізді. Тұрақты даму мақсаттарының «Бейбітшілік, әділдік және тиімді институттар» 16-шы тармағы бойынша балалар құқығын қорғау мәселесін кеңінен талқылау болды. Бұл тармақ балалардың құқығын қорғау арқылы әділетті қоғамды қалыптастыруға ықпал етеді. Мұндай іс-шаралар тек білім алмасу алаңы болып қана қоймай, болашақ заңгерлердің қоғамға деген жауапкершілігін арттырып, халықаралық тәжірибе жинауға мүмкіндік береді.

Қарлығаш АЙСҰЛТАНОВА,
ф.ғ.к., Шет тілі кафедрасының
аға оқытушысы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

**Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Қайыржан ТӨРЕЖАН

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.